



МҰРДАЗ- ҚАЗАЛЫ

№4
(2279)
Сәрсенбі
15 қаңтар
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

«САНАЛЫ ҰРПАҚ - БОЛАШАҚ КЕПІЛІ» АТТЫ ТАҚЫРЫПТА ФОРУМ ӨТТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Саналы ұрпақ - болашақ кепілі» атты тақырыпта форум өтті. Алқалы отырысқа Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары: Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, Бас прокуратура өкілі Жасұлан Даулембаев, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, құқық қорғау органдарының жауапты салалардың басшылары қатысты. Аймақ басшысы осы бағытта атқарылған жұмыстарға тоқталып, форумға қатысушыларға сәттілік тіледі.

«Бүгінгі форум идеологиялық мәні зор, пайымды пікірлерге толы қоғамдық көшбасшылардың ортақ алаңына айналады деп санаймын. Кездесуге келген сіздердің тәжірибелеріңіз, ойларыңыз, ұсыныстарыңыз алдағы жоспарларымызды нақтылап, ортақ мақсатымызға жетуге септігін тигізеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы республикалық «Ана тілі» газетіне берген сұқбатында «Жастарымыз халқымыздың болмысына жат идеялардың жетегінде кетпесе, күйзеліске түспесе, нигилизмге бой алдырмаса екен деп тілеймін. Олардың белсенді, тәртіпті, білімпаз, еңбекқор болғанын қалаймын» деп, жастар арасындағы зиянды әдеттерге айрықша тоқталып өтті.

Бүгінде жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу - қоғам алдындағы басты міндеттердің



бірі. Әсіресе, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңсыз іс-әрекеттер жасаудан қорғау, заңға бағынушы азамат ретінде құқықтық тәлім - тәрбие беру - заман талабы. Елімізде құқық қорғау органдарының тиімді жұмысының нәтижесінде соңғы 5 жылда құқық бұзушылық саны 32 пайызға азайды. Облысымызда да едәуір, яғни 49,7 пайызға төмендеген. Бұл - әлі де азайтуды қажет ететін маңызды көрсеткіш!

Сол себепті, біз аймақта тұрақтылықты сақтау және құқық бұзушылықты болдырмау бағытында барлық деңгейдегі құқық қорғау органдары басшыларымен бірге алқалы жиындар, түрлі кездесулер, ашық қабылдаулар өткізіп келеміз. Бұл өз кезегінде азаматтардың құқық қорғау органдарымен сенімді әрі сындарлы диалог орнатуына жол ашты.

Халқымызда «Тәрбиелі

адам - тағалы атпен тең» деген жақсы сөз бар. Тәртіп бар жерде өркениетті қоғам қалыптасатынын бүгінгі ұрпаққа жеткізу - біздің басты міндетіміз. Саналы ұрпақ тәрбиелеу - мәртебесі биік, маңызы зор ұлттық міндет. Әділетті Қазақстан құру жолындағы ізгі мақсат-мұратымызға бекем бірлікпен, тату тірлікпен, толайым жетістікпен жете берейік! Елдігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Форум жұмысына сәттілік тілеймін!», - деді аймақ басшысы.

Жиында Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Сейтқалиұлы, Мәжіліс депутаты Мұрат Абдуламұлы, облыс прокуроры Ризабек Кәрімұлы, Нұрлан имам Байжігітұлы, Олимпиада чемпионы Ермахан Ибраимов, актер режиссер Рүстем Омаров сөз сөйледі.

Сонымен қатар, іс-шарада «Нашақорлыққа жол жоқ» бір

айлық акциясының нәтижесімен белсенді қатысушылар марапатталды.

Айта кетейік, аймақта балалардың жарқын болашағына бағытталған ауқымды жобалар бар. Өткен жылы «ҚазГермұнай» компаниясының демеушілігімен Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі 350 орындық "Оқушылар сарайы" пайдалануға берілді. «Білімді қолдау қоры» есебінен физика-математика мектеп-интернаты, балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында «Шығармашылық академиясы» салынауда. Дарындар тоғысатын жаңа ғимарат мамыр айында ел игілігіне табысталады. «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жаңа ғимараты бой көтеруде.

Ел Президентінің бастамасымен іске асқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 3 мектеп пайдалануға беріліп, балалар лайықты білім алуға. Жаңақорған ауданының орталығынан "Оқушылар үйі" мен "Өнер мектебі", «Самұрық Қазына Траст» әлеуметтік жобаларды қолдау қорымен бірлесіп, «Үстел теннисі» орталығы іске қосылды.

Барлық ауданда ішінде неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият» орталықтары салынуда. Қармақшы және Шиелі аудандарындағы осындай орталықтар ашылды, жақын арада қалған аудандарда да пайдалануға берілмек.

АЙМАҚ БАСШЫСЫ ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала аумағындағы құрылыс нысандарын аралады. Алдымен 2023 жылы Индустрияландыру картасына енгізілген нан-тоқаш, кондитерлік және макарон өнімдерін өндіру кешенінің құрылыс барысымен танысты. Жоба бастамашысы «Қызылорда Нан» серіктестігі, 3,8 млрд теңгеге аумағы 6166 шаршы метр нысан салынуда. Кондитерлік цехта нан-тоқаш өнімдерінің 100-ден астам түрі, жылына 1008 тонна кондитерлік өнім, 1152 макарон түрі өндіріледі. Кешенде тәулігіне 25 тонна ұн, 20 тонна өсімдік майын өңдеуге мүмкіндік болады.

Әрі қарай Нұрлыбек Машбекұлы жолаушы вагондарын жөндеу және техникалық

қызмет көрсету саласындағы «Цифрлық депо» кешенінің жұмысымен танысты. Бұл жобада Индустрияландыру картасына енгізіліп, құрылыс толығымен аяқталған. Ресейден 54 жабдық жеткізіліп, жақын күндері пайдалануға беріледі.

Облыс орталығындағы құрылыс нысандарын аралап шыққан аймақ басшысы кешендер ұзақ уақыт қызмет етуі, халыққа пайдалы, өнімдері сұранысқа сай болуы үшін сәулетті, сапалы етіп салу керектігін ескертті.

Айта кетейік, облыста алдағы бесжылдықта 1,9 трлн теңгенің 86 жобасын жүзеге асыру жоспарланған. Өткен жылы 37 млрд теңгенің 21 жобасы іске қосылды. Оның

ішіндегі ірі инвестициялық жобалардың бірі - «Қорқыт ата әуежайының» жаңа терминалы пайдалануға берілді. «Орда Гласс» серіктестігінің шыны зауыты айналасында энергия үнемдейтін шыны өндірісінің жаңа желісі іске қосылды. Одан бөлек, минералды ұнтақ өндірісі, асфальтбетон зауыты, газоблок, шлакоблок, металл өңдеу, 4 мың тонналық көкөніс сақтау қоймасы, құрт өндірісі, балық өңдеу, 5 күріш ақтау зауыты, жүгері өндірісі, тамшылатып суару әдісімен орман питомнигін ұйымдастыру жобалары бар.

Биылға 286,8 млрд теңгеге бағаланған 24 жоба жоспарланған. Түркиялық «Акса Энерджи» компаниясының

қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу орталығының құрылысы қарқынды жүруде. Орталық екінші жартыжылдықта іске қосылады.

Сондай-ақ, жыл соңына дейін жылдық қуаттылығы 720 мың шаршы метр болатын айна өндірісі, түйе сүтінен құрғақ ұнтақ жасайтын, жылына 90 млн дана керамикалық кірпіш шығаратын өндірістер, жолаушылар вагондарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кешені ел игілігіне айналады. Қуаттылығы 141,2 МВт болатын 4 күн және 1 жел-электр станциясы да биыл пайдалануға беріледі.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

АНА ТУРАЛЫ СЫР...

Сәбидің бұл жалған өмірге келгенінде оған ең бірінші керегі ол әкесі мен анасы. Бейкүнә сәби кезеңде бала өзінің ата-анасының кім екені, қандай отбасында өмірге келгені - сәби өмірінде пәлендей ролі бола қоймайды. Бірақ есейе келе, ата-анасының іс әрекеттеріне, берген тәрбиесіне қарап, таңырқалып қалуы мүмкін. Өйткені, балада өз өмірін басқа бала өмірімен салыстыру кезеңі басталады. Яғни, бір-бірінің отбасының жағдайын, ата-аналарының беріп отырған тәрбиесіне, балаларына жасаған қамқорлығына қарап, балалар арасында салыстыру жүреді. Өмірдегі ең мықты психолог - ол бала. Бірақ соны үлкендер ескермей жатамыз.

Аллаһқа шүкір менің балалық шағым әкем мен анам өмірден кетемін дегенше ата-анамның мейірімдеріне толы болды.

Ананың ыстық, жұмсақ алақаны, ананың елжіреген жүрегі, ананың баласының өміріне қауіп төнетіндей жағдайды сезгенінде қатқыл, елін қорғаған батырлар сияқты ержүректік қалыпқа түсуі, балапанын қорғаған құс сияқты ана жүрегімен қорғау-бұл қасиеттер ана бойында болатын, Жаратушы Аллаһтан келген үлкен қасиет! Ананың баласының өміріне қауіп төнгендегі жағдайда бойындағы пайда болған күшке ешнәрсе төтеп бере алмайды. Сондықтан «Ана» деген ұғым көп мағынаны білдіреді. Жер-Ана, Әлемді тербеткен Ана! Жұмақ Ананың табанында деп те айтады. Бұл теңеулер бостан босқа айтылған емес! Сондықтан «Ана» орны адам өмірінде өте ерекше екенін ұғамыз!

Әкем туралы естелік жазған болатынмын. Енді Анам туралы естелік жазғанды жөн көрдім. Менің Анам Омарқызы Нағима Қ.Сәтбаев атындағы №216 орта мектепте мұғалім болып ұзақ жылдар бойы қызмет атқарды. Білім ошағында қызметте жүргенінде әр баланың жағдайына қарап, шәкірттеріне де аналық мейірімін төгіп, тәрбиелеп, білімге сусындатқан ұстаз болды. Сабырлы, мейірімді қалпында ұжымдастарының, шәкірттерінің жүрегінде мәңгілікке қалды. Анам әйел болып әңгіме-қауға айтып көрген адам емес. Керек десеңіз, кезінде ұжымдастары анамның аузындағы тісінің түсіп қалғанын да білмеген екен. Сол мектептің марқұм болып кеткен ұстазы Жаншаева Күлзипаш апай айтқан екен... «...Нағима-ау, біз сенің тісің түскенін қайдан білеміз, сен бізбен отырып әйел болып әңгіме де айтпайсың ғой...» деген екен. Осы сөзден-ақ анамыздың керексіз дүниеге, өзгенің өміріне араласпай, өз басын кіршіксіз таза күйде ұстап, өмірінің соңына дейін бойындағы



осы адами қасиетті жоғалтпай және бізді де соған тәрбиеледі. Бұл да анамның бойындағы асыл қасиеттің бірі болса керек!

Әркімнің анасы өзіне ерекше, сөз жетпес керемет ұғымда баланың мәңгі жүрегінде қалады. Менің Анам өте сұлу, ажарлы, аппақ болатын... Анамды білетін үлкен кісілер бола ма, туған-туыс, құда-жекжат, шәкірттері, жай танымайтын адамдар бола ма, бәрі-бәрі «...мамаң өте әдемі, сабырлы, мейірімді, салмақты, биязы болатын...» деп әңгімелерін бастап, талғаммен киетін киім үлгісін, адамға деген ізеттілігін, қамқорлығын, қонақты қалай күтетінін, дәмді істеген тамақтарын, адамға тек болсын деп тұратын керемет мінезін айтып, «...өте жақсы адам болатын...» деп әңгімелерін аяқтайтын.. Аллаға шүкір дейміз, анамыздың артынан жақсы абыройлы естеліктер айтылғанына!

Анашым, енді өзің туралы естелігімді бастайын.

Анам өте мейірімді, сабырлы, адамгершілік иесі, адам аяғыш, қолынан келсе ешнәрсесін аямайтын, инабатты жан болатын... Адам бетіне келмек түгілі балдарының, келіндерінің де бетіне жел болып тиіп көрмеген.

Әкеме өте адал жар, балдарына аяулы да мейірімді үлгілі ана бола білді. Әкем курортқа кеткенде балдарының, яғни біздің қасымызда қалатын. Төркіншіл болмады. Өзінің Анасының қасында болып та көрмеді. Өйткені, отбасының жағдайына көп алаңдайтын. Мен осы өміріме дейін Анамның бір жерге Әкемсіз қыдырғанын көрмеппін. Не деген отбасына берілгендік! Осындай көрегенділік анамның бойына тектіліктің, діни сауатты оқымысты Ишан бабаларының, қазіргі тілмен айтқанда діни ғалымдардың отбасында тәрбиеленгендігінің бірден бір дәлелі.

Анамыз Әкемізді өзінің піріндей тұтты. Әкем өмірден кеткенде құдды өмірі біткендей сезініп, ешнәрсеге зауқы соқпай қалды. Өйткені, әкеміз

анамызды өте жақсы сыйлап, үнемі қолдау көрсетіп, жайлы алақанында ұстады. Анамыз да өз қызметін кіршіксіз көрсетті. Екеуі өмірлерінде бір-бірін толықтырып отыратын. Неткен сыйластық десеңші...!

Анам кішкентай кезімізде ауыра-калсақ, баржан-тәнімен қарап, бар жағдайымызды жасайтын. Түнімен көз ілмей, таң атқанша жағдайың бір қалыпқа түскенше мейірімін төгіп, жүрекке жайлы шынайы аналық махаббатын аямай қызметін жасайтын...не деген аналық жүректегі қайратқа толы күш!

Қазіргі заманның әйелдерінің бойында мұндай қасиет табылар ма екен...

Әкеміздің бойына Алла Тағала жазушылық қасиет берді. Әуелі Алла, одан кейін әкеміздің өзінің еңбегінің, ізденісінің арқасы. Және осы жазушылық жолында анамның да қосқан үлесі үлкен болды. Олай дейтінім, біз кішкентай бала кезімізде анамыз үнемі «...Әкелерің қағаз жазып жатыр, шуламандар», - дейтін, біз не қағаз жазатынын білмейміз, бір бөлмеде тым-тырыс отырамыз, сөйтсек кейін білдік, сол кезде әкеміз кітап жазған екен. Әкем жұмыстан шаршап келсе де қағазға үңіліп, жазу жазып отыратын. Почеркісі өте майда болатын, қолжазбамен жазатын. Қазіргі замандағыдай ол кезде компьютер деген жоқ қой. Кейін басатын машинка алды, бірақ онымен көп жазып отырғанын көрмедік. Анамыз әкеміздің жұмыстан келетін уақытына шайын, жақсы көретін асын дайындап, біздерге алдын ала тамақ-шәйімізді беріп, я бөлмемізде отыратынбыз, я далаға барып ойнайтынбыз. Анамыз болса, бет күтімін жасап, әдемі көйлегін киіп, әкемді жұмысынан күтіп алатын. Және күлімдеген түрімен, отбасылық мейірімін төге отырып, шәйін беретін. Бұл әйел адам бойындағы өз еріне деген қамқорлығы, түсіністігі, сыйластығы - отбасының берік болуының бірден-бір құралы екен. (Қазіргі жағдайда осы қарым-қатынас отбасыларда

жетіспейді....) Бізге, қыздарға айтатын, күйеулеріңнің алдында күнде әдемі болып отырыңдар, мейіріммен қараңдар, сол кезде өмірлерің жақсы болады дейтін. Қарап отырсам, осының бәрі тәлім-тәрбие екен ғой!

Шіркін, кайтып келмес сол бір балалық шақ... Менің анамның отқа пісірген жаппа нанының дәміне ешнәрсе жетпейтін. Қаймақ қосып, сары майға салатын. Жесең тоймайсың ғой.... жасаған тағамдары өте дәмді болатын! Анамыз мінезі сабырлы жайлы болғанымен, жұмыс істегенде өте шалт, жылдам қимылдайтын. Әкем райкомда (қазіргі әкімшілік) жұмыс атқарып жүргенінде үйге обкомнан (қазіргі облыстық әкімшілік), Москвадан Жоғарғы кеңестен орысы бар, қазағы бар, кәрісі бар талай қонақтар үйімізге келді. Ол қонақтың келетінін анамызға 2-3 сағат қалғанда әкем телефонмен звондап, «дайындал» дейтін. Үйде апа-ағаларым оқуда, мен ғана болатынмын, содан мамам екеуіміз қызу жұмысқа кірісеміз. Марқұм боп кеткен Нәсен (Насифулла) деген ағамыз болатын, қолы өте шалт, жарты сағатқа жетпей 20 минутта қойды жайратып, бұтарлап тастайтын. Содан мен үйді тазалаймын, заттарды реттестіріп жатқан кезеңде, анам базарға барып дастарханға керекті затарды алып келеді, айтатын несі бар сол бас-аяғы 2-3 сағатта анам дастарханды жайнатып, мантисын істеп, етті пісіріп, екі тамақ міндетті түрде дайын тұрады. Бар жұмысты бітіріп болып, анам өзінің киімін, бет күтімін жасап, әп-әдемі болып, папамның алдынан қонақтарымен бірге күтіп алатын.

Анамның келіндеріне де көзқарасы өте мейірімге толы еді... Папа үйіндегі жеңгем Айнаш екеуінің ара-қатынастары ана мен қыздың арасындағыдай байланыста болды. Анам Айнашқа бар сырын айтатын. Бірге 35 жылдай тұрды. Кейінгі уақытта Айнаш папам мен мамам ең сенімді баласындай болды. Олай дейтінім, Мамам тек Айнаш берген дәріні ғана ішетін. Папам уақытымен минут, секундына қарап ішетін. Осы жұмыстың барлығы Айнаш-жеңгемнің қызметімен ғана жүзеге асатын. Үйдегі бюджеттің кіріс-шығыс есебі осы жеңгемнің қатысуымен іске асатын. Жеңгеміз бір жерге ағамыз екеуі қыдыратын болса, анам уайымдап қалатын. Қарап отырсам, бұның барлығы бір-біріне деген сенімі, бір-біріне деген құрметі, бір-біріне деген сыйластық-қимастықтары екен ғой...

Қазір сондай ене мен келін бар ма екен?... Сол әкеміз бен анамыздан көрген тәрбиені істегіміз-ақ келеді, бірақ ол кісілердей болу қайда!



АНА ТУРАЛЫ СЫР...

(Соңы. Басы 2-ші бетте)

Анам немерелерімен өте жақын қарым-қатынаста болды. Әсіресе, қыз-немерелеріне көңілі өте ерекше еді! Менің кішкентай қызым мамамның қасында көп болды. Папамның үйіндегі немере-қыздары менің қызыммен қатарлас болатын. Анам кішкентай қыздарымен көңілді отырып, өзінің балалық шағын, әкемізбен қандай қарым-қатынаста болып, әкеміздің өзін алақанына салып сыйлағанын үнемі айтып отыратын. Кәзір ойлаймын, сонда қыздарына болашақ жар тапқанда қателеспеу керек дегенді жас бала кездерінен бастап сол отбасылық тәрбиенің қандай болу керектігіне меңзеп отырады екен ғой... Әрбір әңгімесінің тәлім-тәрбиесі мол болатын.

Анамыздың бойындағы не деген көрегенділік десеңізші! Бір той болатын болса, ол той осы жергілікті жерде бола ма, әлде басқа қаладағы өтетін той бола ма немере-қыздарынсыз «...мен бармаймын, мына қыздарым бармаса...», - деп ультиматум қоятын! Ол әңгімені естіген Әкем де анамызды қолдап, ақыры анамыз сол қыздарын ертіп тойға апаратын. Еее, аппақ болған жанашыр, бала-бала деп жүрегі езілген, мейірімге толы, көңілі аппақ Анашым-ай десеңші! Неге Аллаһ Тағала Анашымды шеберлікпен жүрегін мейірімге толтырып, бөлек етіп жаратқан екен!?... Мұның да бізге беймәлім бір сыры бар шығар...

Аллаһқа шүкір біздің балалық шағымыз әке мен ананың мейіріміне толы болды.

Қазір қарап отырсам, балаға ата-ана мейірімінен асқан ешнәрсе де керек емес екен!

Заман өз ағымына сай өтіп жатыр. Ең өкініштісі мейірімсіз, тасжүрек аналар көбейіп барады. Мен мектепте мұғалім болып қызмет етемін, мектеп қабырғасынан көріп отырғанымыздай, ата-аналардың көбісі дерлік балаларына дұрыс тәрбие бере алмай отыр. Бұл қоғамның дерті десеңіз те болады.. Көпке топырақ шашпайын, бірақ мейірімді, бала өміріне, болашағына алаңдайтын ата-аналар азайып барады. Баланың психикасының бұзылуы ата мен ананың мейірімінің жетіспеушілігінен деген тұжырымға келесің. Ата-анаң сені кішкентай кезіңнен жүрек мейірімімен өсірсен, сен де балаларыңа, немерелеріңе сондай қарым-қатынас жасап, барлық жағдайына алаңдайды екенсің. Бұл өмірдің заңдылығы болса керек. Осы естелікті жазу арқылы қазіргі жас отбасыларына үлгілік, тәрбиелілік маңыздылығы өте жоғары құндылықтарымызды ұмытпасақ дегенді де айтқым келеді. Бала - адам өмірінің жалғасы, өмірінің айнасы екенін ұғынсақ екен....

Естелігімде менің сүйікті Анамның шынайы бейнесі, мінезі, аналық жүрегімен тек бейбітшілікті қалаған отбасындағы орны толмас өмірінің кейбір ғана сәттері баяндалды.

Анашым, жүрекжарды сағынышпен жазылған қызыңның естелігін қабыл алшы...

Сен туралы айтатын сырлар, естеліктер өте көп, Анашым!

Бұйырса, алдағы уақытта тағы да жүрек төріндегі өзіңе деген сағынышымды қағаз бетіне түсірермін...

Әке мен Ананың орнын ешкім толтыра алмайтынын әкесі мен анасы бұл өмірден озғандар жүрегімен түсінеді...

Анашым, жатқан жерің жайлы, жаның жәннаттың пейішінен орын алсын, Әкеміз екеуіңнің орындарың жәннаттың төрінде мәңгі бірге болсын деген дұға-тілегімізді өмір бойы жалғастыра бермекпіз!

Эльмира Әлмәмбетқызы ӘЛІШЕВА

2025 ЖЫЛДАН БАСТАП ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ЖӨРДЕМАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ МӨЛШЕРІНІҢ АРТТЫРЫЛУЫ ТУРАЛЫ

«2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап:

айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 3 932 теңге;

ең төменгі күнкөріс деңгейі (ЕТКД) – 46228 теңге;

ең төменгі жалақы – 85000 теңге;

ең төменгі зейнетақы – 62771 теңге

базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 32360 теңге мөлшерінде белгіленді.

Жаңа жылдан бастап еңбек сіңірген жылдары үшін және жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 8,5%-ға арттырылады.

Сонымен қатар, жасына байланысты жаңадан тағайындалатын зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс мөлшері 203060 теңгеден 216260 теңгеге (55 АЕК) көбейтіледі.

1- қаңтардан бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ЕТКД-нің жаңа мөлшеріне пайыздық қатынаста белгіленеді.

Атап айтқанда, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болғанда немесе болмағанда тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 70 пайызы (65 пайыздың орнына) мөлшерінде, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жылдан артық әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2 пайызға арттырылады, бірақ ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 110 пайызынан аспайтын мөлшерде беріледі.

Бұл жаңадан тағайындалған зейнеткерлерге және 01.01.2025 ж. дейін зейнетке шыққандарға қатысты.

Мүгедектігіне және асыраушысынан айрылу жағдайына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ЕТКД (46228 теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты арттырылады.

Сонымен қатар,

мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) және бірінші топ мүгедектігі бар адамға күтімді жүзеге асыратын адамға төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері ЕТКД (46228 теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты арттырылды. 01.01.2025ж. бастап бұл жәрдемақылардың мөлшері 74428 теңгені құрайды.

01.01.2025 ж. бастап АЕК-пен есептелетін жәрдемақы төлемдері мөлшері оның артуына (3932т) байланысты көбейеді.

Атап айтқанда, бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы және ай сайынғы бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақы төлемдерінің мөлшері:

Бірінші, екінші және үшінші бала туылғанда берілетін бір жолғы жәрдемақының мөлшері (38-АЕК) 01.01.24ж. 140296 теңгені құраса, 01.01.25ж. бастап 149416 теңгені құрайды немесе 9120 теңгеге, ал төрт және одан да көп бала туылғанда (63-АЕК) 232596 теңгеден 247716 теңгеге немесе 15120 теңгеге артады.

Ал, бала біржарым жасқа толғанға дейінгі күтіміне байланысты берілетін жәрдемақы мөлшері тууы кезектілігіне байланысты 01.01.25ж. бастап бірінші балаға -22649 теңге, екінші балаға - 26777 теңге, үшінші балаға - 30867 теңге, төртінші және одан да көп бала туылғанда 34995 теңгені құрайды.

Сол сияқты, АЕК (3932т.) мөлшерінің ұлғаюына байланысты бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын ба-

лалары бар көпбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері де арттырылады.

Бұл жәрдемақылардың мөлшері балалар санына қарай сараланып ұлғайтылады.

Атап айтқанда, 4 баласы бар отбасыларға 63030 теңге, 5 балаға – 78798 теңге, 6 балаға – 94565 теңге, 7 балаға - 110332 теңге, 8 балаға - 125824 теңге, 9 балаға -141552 теңге, 10 балаға - 157280 теңге және одан әрі жәрдемақы мөлшері бала санына қарай өзгереді.

Жаңа жылдан бастап «Күміс алқамен» марапатталған аналардың ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақысының мөлшері 25165 теңгені, ал, «Алтын алқамен» марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 29097 теңгені құрайды.

Жасына байланысты зейнетақы, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушылар қайтыс болған жағдайда, оның отбасына немесе жерлеуді жүзеге асырған адамға жерлеуге арналған біржолғы жәрдемақының мөлшері 137620 теңгені құрайды.

Сонымен қатар, АЕК (3932т.) мөлшерінің ұлғаюына байланысты арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерінің мөлшері арттырылады.

Облыс бойынша 269,5 мыңнан астам зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың (оның ішінде зейнетақы алушылардың саны-82,2 мың адам) төлем мөлшерін қайта есептеу автоматты түрде жүргізіліп, 01.01.2025ж. бастап барлық төлем алушыларға көбейтілген мөлшердегі төлемдері төленетін болады.

Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСЕЙІК

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңында, сондай-ақ заңдарда көзделген және белгіленген, тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сол себепті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік қызметкерден адалдықты, шындықты, заңдылықты сақтауды, сонымен қатар жауапкершілікті талап етеді. Ал ең бастысы адамды адамгершілікке тәрбиелейді.

Сыбайлас жемқорлық консти-

туция мен мемлекеттің негізгі заңдарына, құқықтық жүйесіне, статусына кері әсерін тигізуде. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттерге басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу, аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану, заңда көзделмеген артықшылықтар беру, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, тағы басқалар жатады.

Алтынбек ҚАЛИЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау
подполковнигі

ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҰСЫНУ

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі №331-II «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңының 13-бабында «Қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар фитосанитариялық есепке алуды жүргізеді және уәкілетті органның ведомствосына фитосанитариялық есептілікті табыс етеді» делінген. Сондықтан ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне және арамшөптеріне қарсы пестицидтер пайдаланған жеке және заңды тұлғалар ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №15-02/584 санды бұйрығымен бекітілген (24.07.2020 жылы №237 бұйрығымен өзгертілген) фитосанитариялық есепке алу нысандарын белгіленген мерзімдерінде табыс етуі тиіс.

ФУ-1 нысаны «Пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есеп», аудандық аумақтық инспекциясына жылына екі рет, бір рет 10 қаңтарға дейін, бір рет 10 шілдеге дейін;

ФУ-2 нысаны «Пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есеп», аудандық аумақтық инспекциясына жылына екі рет, бір рет 10 қаңтарға дейін, бір рет 10 шілдеге дейін;

ФУ-3 нысаны «Пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есеп», аудандық аумақтық ин-

спекциясына жыл сайын, 10 қаңтарға дейін;

ФУ-4 нысаны «Химиялық өңдеу жүргізу туралы есеп», аудандық аумақтық инспекциясына ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есеп беруден кейінгі әр айдың 10-на дейін;

ФУ-5 нысаны «Тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардан босаған ыдыстарды, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын залалсыздандыру жөніндегі есеп», аудандық аумақтық инспекциясына жыл сайын, 10 қаңтарға дейін;

Осы нысандар бойынша аудан көлемінде ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне және арамшөптеріне қарсы пестицидтер пайдаланған жеке және заңды тұлғалар фитосанитариялық есепке алуды жүргізеді және фитосанитариялық есептілікті, пестицидтерді, биоагенттерді өндіру, өткізу, қолдану, қызмет көрсету, қозғалыс, сақтау, залалсыздандыру, фитосанитариялық мониторинг жүргізу бойынша ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясына ұсынады.

Данабек ЕРҒАЛИ,
Қазалы аудандық
аумақтық инспекциясының
Өсімдіктерді қорғау және
карантин жөніндегі
инспекторы

АДАМ ПАПИЛЛОМА ВИРУСЫ

Адам папиллома вирусы (АПВ) – 200-ге жуық түрді қамтитын тұқымдас вирустарға жатады. Кейбіреулері адам денсаулығына салыстырмалы түрде қауіпсіз, басқалары онкологиялық процестің дамуын белсендіреді алады.АПВ сыртқы жыныс мүшелерінің аурулары арасында ең көп таралған және агрессивті патология. Вирус көмей мен ауыз қуысының, тік ішектің, вульваның және қынаптың, жатыр мойнының қатерлі ісігінің дамуын қоздырады. АПВ инфекциясы ұзақ уақыт бойы симптомсыз болып, ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Көптеген адамдар аурудың клиникалық көрінісінсіз патогенді тасымалдаушы бола алады. АПВ-ны адам өмірінде қайталап жұқтыруы да мүмкін. Өйткені Адам папиллома вирусы (АПВ) инфекциясынан айыққандардың барлығында вирусқа төзімділік қалыптаса бермейді. Көбінесе, аурудың клиникалық белгілері ерте кезеңдерінде пайда болмайды. Әдетте алғашқы белгілері қоздыратын факторлардың әрекетінен кейін пайда болады.

Вирустардың төмен онкогенді штамдары денеді сүйелген мен тері папилломаларын пайда болдырады. Вирус штамдарының жоғары онкогенді түрлері аногенитальды аймақта, әйелдерде жатыр мойнында және ерлерде жыныс мүшесінде кондиломалардың пайда болуын тудырады. Ағзаға вирустың 16, 18, 31, 33 типті штамының ұзақ уақыт әсер етуінен жатыр мойны дисплазиясына және одан да ауыр ауруға – жатыр мойны обырына әкелуі мүмкін.

Жұғу жолдары. Адам папиллома вирусы (АПВ) тұрмыстық байланыс, жыныстық қатынас және вертикальды жолмен беріледі. Жұқтырған кезде вирус эпителий жасушаларына еніп, бөліну процесін бұзумен әртүрлі аурулардың дамуын белсендіреді. Негізінен, вирус несеп-жыныс жүйесінің органдарына және аноректалды аймаққа әсер етеді. Әйелдер мен еркектер патогенді бірдей жұқтырады.

Негізгі берілу жолы – жыныстық қатынас. Әдетте,

Адам папиллома вирусы (АПВ) алғашқы жыныстық қатынастан кейін жұғады, бірақ инфекцияның басқа жұғу жолдары да анықталған:

Вертикальды жолы – Адам папиллома вирусы (АПВ) жұқтырған әйелдің босану жолы арқылы өту кезінде туылған нәрестеге жұғуы мүмкін;

Аутоинокуляция – эпиляция немесе қырыну кезінде өзіне-өзі жұқтыру (дененің бір аймағынан екіншісіне ауысу) мүмкін;

Тұрмыстық байланыс – Адам папиллома вирусы (АПВ) қоршаған ортада біраз уақыт өмір сүре береді. Сондықтан оларды қоғамдық орындарға (монша, спорт залы, бассейн, тағы басқа) барғанда жұқтыруы мүмкін;

Байланыс – инфекция терідегі немесе шырышты қабаттардағы жара беті арқылы жұғуы мүмкін (абразиялар, жаралар, көгерулер); Кез-келген адам вирустық инфекцияны жұқтыруы мүмкін.

Адам папиллома вирусының (АПВ) алдын алу.

Жыныстық қатынаста тек бір жыныстық серіктес болғаны дұрыс. Бұл әдіс жыныстық жолмен берілетін барлық инфекциялардан, оның ішінде Адам папиллома вирусы (АПВ) -дан қорғауға мүмкіндік береді.

Тосқауыл контрацепциясын қолдану – жеңіл, қолжетімді, бірақ әрқашан инфекциядан 100% қорғай бермейді. Науқас тіпті зақымдалған теріге тиген кезде де вирус жұқтыруы мүмкін.

М е р з і м д і профилактикалық тексерулер. Қыздар гинекологиялық тексеруден тұрақты түрде өтуі керек. Осылай аурудың алғашқы белгілерін анықтап, оны емдеуді уақтылы бастауға болады.

Вакцинация – тиімді және ыңғайлы профилактикалық әдіс. Вакцинация ерлерге де, әйелдерге де жасалуы мүмкін. Ғалымдардың пікірінше, 11-13 жас аралығындағы қыздарды вакцинациялау жатыр мойны обырының даму қаупін 90% -дан астамға төмендетеді.

Гүлзат ЖҰБАНДЫҚОВА,
Қазалы аудандық
санитариялық
эпидемиологиялық
бақылау
басқармасының
бөлім басшысы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компью-
термен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-
38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама
беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.